

Үлкен Нарын ауданы бойынша 2025 жылға арналған шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын аудандық мәслихатының 2025 жылғы 12 ақпандағы № 10/102-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 24 ақпанда № 9136-16 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес, Үлкен Нарын ауданы мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Үлкен Нарын ауданы бойынша 2025 жылға арналған шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесі аудандағы хостелдерді, қонақ жайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Ж. Сыдыкова